



# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Кіріспе және әдебиет теориясының  
қысқаша тарихы



**Мақсаты:** әдебиет теориясының жаңа антологиялық басылымымен таныстыру, кітаптың құрылымдық және мазмұндық ерекшелігін түсіндіру.

**Кілт тіркестер:** жаңа сын, пәндер тоғысы, формализм, ғылым құндылықтары, әңгімелердің пайда болуы.

**Негізгі идеялары:**

- Жаңа кітапты дайындау туралы идеяның пайда болу арғышарттары мен тарихы.
- Антологияның құрылымы мен мұқабасы.
- Таным мен әдебиет теориясының жазылуы: Платон ілімдері.

«Әдебиет теориясы. Антология» кітабының редакторлары – АҚШ-тағы Коннектикут колледжінің ағылшын тілі профессоры Джулия Ривкин мен Темпл университетіндегі кино және медиа өнертану саласының профессоры Майкл Райан. Джулия Ривкин американдық әдебиеттен, заманауи әйел жазушылары деректерінен және әдебиет теориясынан дәріс оқиды. Кейінгі жылдары гендерлік бағытта және заманауи әдебиет теориясынан зерттеулер жүргізіп жүр. Батыс ғылымында Джулия Генри Джеймс туралы еңбектерімен танымал болған. Оның «Жалған позициялар: Генри Джеймс әдебиетінің шығармашылық логикасы» атты кітабы – оқырманына Джеймс туындыларын жақын таныстыратын зерттеулердің бірі. Кітаптың екінші құрастырушысы – Майкл Райан – бірнеше кітап пен екі романның авторы, «Саясат және мәдениет» журналының бірлескен редакторы.

Алдағы уақытта біз формализм, жаңа сын, поэтика, структурализм мен лингвистика, нарратология мен феноменология, қабылдау және этика туралы тереңірек біле түсеміз.

Редакторлардың мәліметі бойынша, аталмыш кітаптың жазылуына аудиторияда оқылған дәрістер тікелей түрткі болды. Соңғы жиырма жыл көлемінде антологияның редакторлары қазіргі әдебиет теориясынан сабақ бере отырып, тәжірибе жинақтады. Әдебиет саласына барынша тереңдеген мамандар өз дәрістерінің өзге антологияларға ұқсамайтынын байқай отырып, жаңа топтама жасауға бел буды. Сөйтіп, дүниеге жекеленген дәрістер мен ксерокс көшірмелерінен жинақталған жаңа тұрпатты антология келді. Еңбек әрі оқу үрдісіндегі жаңа бастама ретінде, әрі зерттеу мен болжам жасаудың қиын да қызық үлгісі деп танылды. Пайда болу тарихына қарамастан, антология өз тұсындағы дәстүрлі кітаптардан көп ерекшеленді. Ең алдымен, бұл жан-жақты білім көздерін тоғыстырған өзгеше басылым деп қабылданды.

Кітап мазмұны күрделі де маңызды мәселелерге бағытталды. Әдебиет теориясының антологиясы «жаңа сыннан кейінгі» дәуірді сипаттайтын теориялық әдіс-тәсілдерді қамтумен қатар, сол бағдарлаудың тереңдігі мен өміршеңдігін анықтау мақсаттарын көздеді. Осыған орай, топталған деректер структурализм, постструктурализм мен постколониализм, психоанализ бен гендерлік зерттеулер бағытында дайындалатын кез келген курстың қажетін өтеу міндетін де атқара алады деген қорытынды жасалды.

Антология Формализм мәселелерінен бастау алады. Әрі хронологиялық, әрі эвристикалық бағытты көздеген еңбек орыс және американдық зерттеушілерінің туындыларын қатар қамтыды. Нәтижесінде формализм ұғымының астарында «Жаңа сын» деген американдық түсінік қалыптасып, тың ойларға еркіндік берілді. Аса маңызды мәселелер қатарын: оқушылардың дайындығы немесе «теория» әлеміне саяхат жасаудың алдында «тыңғылықты оқу» түрлерін меңгеру, оны әдеби талдаудың басты міндеті деп қарастыру, сол арқылы формалистердің тәжірибесіне сүйену ұстанымдарын басшылыққа алу мүмкіндіктерін игеру сияқты бағыттар анықтады. Әрине, іс жүзінде бұл тәжірибе біркелкі дамып отырды деп айту қиын. Мысалы: М. Журденнің туындыларын немесе Мольердің «Мещанин во дворянстве» атты прозалық шығармасын айтайық. Авторлардың материалдарды ұсыну кезінде тарихқа қатыссыз реттілікті сақтауы мен орыс формализмі өкілдерімен сабақтастықты дамытуын жаңа сыни тәжірибенің теориялық алғышарттарын таныс және бейтаныс көзқарастармен сұрыптау бастамасы деп тануға болады.

Антология авторларының айтуына қарағанда, кітаптың жекеленген бөлімдері бірнеше қайтара өзгеріске ұшырап отырған. Олардың қатарында қандай сипаттамаларды пайдалану керек, таңдауды қалай жасауға болады деген мәселелер бірнеше қайтара жүйелеуден өтті.



Айталық, осы уақытқа дейін «Деконструкция» АҚШ-тың 1970–1980 жылдардағы әдеби сын тарихында жеке қарастырылса, кітапты дайындаушылар бұл еңбекті тарихи зияткерлік реттілігімен француз тілі контекстінде орналастыруды жөн деп табады. Сол сияқты оқырман Дерриданы «постструктурализмнен» кейін, Делез бен Гваттари, Бодрийяр арасында таба алады. Қиын мәселелер қатарына теория түрлерін жіктеу проблемасы да жатқызылды. Нәтижесінде авторлардың ұсынысымен үлкен құрылым жасалды: жекеленген бөлімдер әр түрлі көлемдегі теорияларды қамту мүмкіндігіне ие болса, әр теориялық жоба өзіне тән «классикалық» мәтіндерді топтауға негізделді. Осыған орай, мазмұнында көрсетілген тарау мен бөлім атауларын бірден тану да кейде қиындық тудырды. Басқалардан өзгешелену бағытында кітапты құрастырушылар бұрын-соңды антологияларға кірмеген жұмыстарды жинақтай отырып, тың үзінділер топтамасын ұсынды. Таңдау, іріктеу ұстанымдары туындының басты мәселелерін назарда ұстауға негізделгендіктен, авторлардың өз қалаулары бойынша қысқартулар да жасалды.

Кітаптың мұқабасы туралы да бірер сөз айтуды жөн көріп отырмыз. Нью-Йоркте адамдар көліктерінің сыртына «радиосы жоқ» деген ақпарат қалдыру арқылы «Бұзып әуре болмаңыздар, көліктегі радио не ұрланды, не көлік иесі оны әдейі алып тастады» деген сияқты мәліметті жеткізуге тырысады. Осы идеяны басшылыққа алған авторлар Уэйли-Блэквеллге бұл ойды ескеру қажеттігін дәйектеді, өйткені оның астарында алуан түрлі мәселелерді қамту мүмкіндігі бар деп есептелді. Сондай-ақ теория мен идеологиялық шеберлік аясында сыни талдау қағидаттары көрініс табады деген ойдың үстемдігі байқалды. Редакторлық компиляция әсерімен авторлық толқу да орын алады. Кейбір теориялар адамның қалқу, шарықтау күйін танытуға жұмыс істесе, кейбіреулері мұқабанда бейнеленген әйел образы арқылы меңзеліп тұрған пікір-көзқарастарды қабылдап түсінуге мүмкіндік береді деп қабылданды.

Заңды түрде туындайтын сұрақтар қатарында: «Бұл кітаптың Қазақстан үшін маңызы неде? Осы курстан кейін біз қандай жаңа мәлімет алып, жаңа білім қорын жинай аламыз?» деген сауалдар алға шығатыны сөзсіз. Бұл сұрақтардың әрі прагматикалық сипатта, әрі танымдық мағынада, әрі бағалау бағытында және терең пәлсапалық негізде өзектелетінін түсінуге болады.

Антология әлеуметтік және гуманитарлық таным мәселелерін кешенді талдауға негізделген. Кез келген теория тарихы таным мен адамзат әрекетінің тоғысқан одағынан бастау алатыны ақиқат. Авторлардың тұжырымдарына сүйенсек, адамзаттың алғашқы тасқа түскен тарихы Францияның Ласко маңындағы үңгірлерінен табылған «Аңшылық» суреттерімен тығыз байланысты. Үңгірде сақталған аяқ-қол іздері бойынша зерттеушілер бұл жазбалардың балаларға тиесілі екенін анықтаған. Бұл тек аңшылықты бейнелеген құрал ретінде ғана емес, Ричард Клейннің пікіріне сәйкес, адам танымының керемет эволюциясын сипаттайтын дәлел тұрғысынан жоғары бағаланатын көрсеткіш деп қабылданды. Құрастырушылар: «Осы кезден бастап адамдар қазіргі мән-мағынаға лайық «адамдық» қалыпқа ене бастады. Олар жаңа құралдар ойлап табумен қатар, адамзаттық мәдениет аясын кеңейтуге ат салысты, сол арқылы олардың рухани әлемдеріне негізделген ментальды тұжырымдамалар кеңістігі қаланды. Олар бірте-бірте аңшылықпен өмір сүру салтынан ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу дәстүріне көшіп, шағын туыс топтар құрамынан ірі қоныс үлгілерін құруға бет алды. Адамдар бірігіп тіршілік етуге бет алды...», – деп жазды. Жаңа өмір сүру салтының қолданысқа енуі адам танымының өзгеруімен дәйектелді.

Нәтижесінде «Аңшылық» тақырыбына өзек болған адамның миметикалық қабілеті суреттер мен образдар арқылы жаңа әлеуметтік сананың қалыптасуына әсер етті. Бұл жерде «мимезис» грек тілінен аударғанда «еліктеу» деген мағынаны білдіретіндіктен, оның ұғымдық аясы бүгінгі күні бұқаралық коммуникация, психотерапия, психоанализ, эстетика, әлеуметтану, мәдениет антропологиясы, этология салаларын зерттеу барысында кеңінен қолданылуда. В.М. Бехтеревтің зерттеулеріне сүйенсек, «...миметикалық реактивтілік іздердің жаңғыруы деп танылады. Ғылымда бүгін миметикалық қатынастың 3 түрі белгілі – инстинктивті немесе спонтанды, әлеуметтік және жеке индивидуалды. Олардың әрқайсысы өз даму траекториясын басшылыққа алады. Егер бірінші жағдайда қарым-қатынастардың эволюциялық қалыптасуы ескерілсе, екінші кезекте адамның қоғамдағы мәдени іс-әрекеттерді таңдау, қайталау және жаңғырту еркіндігі байқалады. Жеке индивидуалды миметикалық қатынастар қоғамда қалып-



тасқан нормалардан өзгеше, қайталанбас сипатқа ие. Бұл жерде Фрейд зерттеулерін негізге алуға болады».

Таным тарихына қайта оралсақ, адамның ментальды елестету қабілеті оның отты, автоматты түрде жүзеге асатын негативті эмоцияларды бақылау, күресу, қашу сияқты тіршілік ету шарттарынан бастау ала отырып, әлеуметтік отырықшы өмірге қарсылықпен дамығанын байқауға болады. Бұл жаңа тұрпатты миметикалық қабілеттің тағы бір маңызды ерекшелігін – адамдардың бір-біріне жан ашуын, соның арқасында қауымдастықтардың пайда болуын айғақтады. Осыған орай, адамдардың ертегі айту қабілеті де көп жағдайда олардың когнитивтік немесе танымдық ерекшеліктерімен тығыз байланыста дамыды. Сол арқылы адамзатқа тән өмір сүру шарттары да қалыптасты. Бүгін адамдар бір-біріне оқиғалар, ертегілер айтуды сиретті, оның себебін үлкен қоғамда өмір сүру мүмкіндігімен түсіндіруге болар. Дегенмен ғалымдардың айтуына қарағанда, адамдар бір-біріне оқиға, әңгіме айту арқылы ғана қазіргі қоғамдық қатынастарды орната алды...

Әдебиет теориясын өзіне ғана тән категориялық сипаттарымен тығыз байланыста зерттеу әдеби шығармалардың қоғамдағы мақсат-міндетін анықтауға, оларды оқырманға түсіндіруге көмектеседі. Көркем сөз иесі әдебиеттанушылармен біріге отырып қана қоғамның құндылықтарын қалыптастыра алады. Білімнің пәнаралық одағы мен оның жүйелі ғылыми аппараты ғана жалпыадамзаттық диалектикалық нормаларды танымның дедуктивті және индуктивті түрлеріне трансформациялай алады. Бүгін әдебиеттану ғылымы қоғам мен тіршілік туралы универсалды білім көзін құрай отырып, адамзат дамуының өзгеше әлемін жүйелеп берді. Құндылықтар әлемімен сабақтасатын әдебиет теориясы бүгін адамды тану, оның ішкі ерекшеліктерін қабылдау заңдылықтарынан бастау алатын өзгеше білім көкжиектерін анықтауда. Бұл мәселелер өзіндік қалыптасу дәстүрі мен даму сипаты айқындалған, жоғары моральдық және рухани-адамзаттық категорияларды үйлестіре жалғастырған қазақ әдебиеті үшін де маңызды. Қазіргі қазақ ғылымы пәлсапалық таным ұстанымдарын дедуктивті-индуктивті және антропоцентристік зерттеулерге арқау етіп келеді. Нәтижесінде адамзат атаулыға тән әрі тіл мен ойлау арақатынасынан бастау алатын зейін қою, жадыда сақтау, елестету, қиялдау, шығармашылық деңгейді таныту, образды түрде қабылдау әрекеттерінің барлығын әдебиет табиғаты мен қызметін анықтайтын мәселелер қатарына жатқызған зерттеушілер тың ізденістердің өзгеше мақсат-міндетін сұрыптады.

Ғалымдар Қарама-қарсылық заңдылықтарын салыстыру арқылы әлемнің бейнелі тілдік суретін таныту мақсатын да көздеп келеді. Адам баласының табиғатын сол ішкі және сыртқы әлем бірлігінен бастау алатын өзара ықпалдас факторлар тұрғысынан талдау міндеті де сол аядан орын алуда. Осыған орай, «Дүниедегі нәрсенің қайсысы туралы сөйлесек те, бір жағынан ғана емес, әр жағынан алып сөз қылуға болады» деген А. Байтұрсынұлының маңызды тұжырымы Қ. Жұбановтың «экскурстарына» ұласып, терең пәлсапалы да танымдық ойлар жүйесі дәйектелгені белгілі. А. Байтұрсынұлы адам ойы мен қиялынан, ақыл-білімінен бастау алатын «сөз шығару» үлгілерін талдау барысында жалпы шығармаларға тән екі түрлі өзгешелікке тоқталды, оларды «ішкі пікір жағы» мен «тысқы тіл жағы» деп талдады. «... адам сөйлегенде сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз заттарды деректі затша, бернесіз заттарды бернелі затша сипаттайды, жансыз затты жанды заттай ғамалдайды» деген автор пікірі соған айғақ. Адам танымындағы қарама-қарсылық қағидаларын оның «сана-саңлауына келіп түсетін» ұғымдар тізбегі деп түсінген ғалым «адам анық танитын нәрсесін анық атайды да, көмескі танитын нәрсесін көмескі, күңгірт атайды» деген тоқтамға келеді. Әдеби шығармаларды да қазақ ғалымдары сол қабылдау мен таным көкжиегінен өрбіте талдайды.

Батыс ойшылдарының еңбектерімен таныса отырып, ғылым төрінен орын алған ұғымдық және танымдық универсалийдің антропологиялық ұстанымдардан және адам баласының ортақ физиологиялық табиғатынан бастау алатынын байқауға болады. Қағидалар тарихтың әр кезеңінде дүиеге келген түрлі ғылыми тұжырымдарға негіз болар саналы дамудың үлесі болып табылады. Әдеби шығармалар да бірде рухани құндылықтар нысанын анықтаса, бірде әлеуметтік-саяси көзқарастар тоғысын саралай қалыптасты, сол себепті Сөздің адамзат өміріндегі қызметін де ғылыми ізденістерде түрлі анықтамалармен дәйектелген. Соған қарамастан, ортақ заңдылық ретінде әдебиеттің бағалануын атауға болады. Бүгін адам баласы әдебиетті қабілетінің ең жоғары көрсеткіші, тұңғыық ойының асыл өзегі, сезімдері мен



эмоцияларының таусылмас арнасы деп біледі. «Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады» деп ойын әдемі түйіндеген А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» да «ақын тілін» «әншейін тілден» бөле талдаған құнды еңбектер қатарында аталады.

### Бақылау сұрақтары

1. Әдебиет теориясына арналған жаңа кітаптың жазылу идеясы мен алғышарттарын қалай түсіндірер едіңіз?
2. Антологияның өзінен бұрын жазылған еңбектерден айырмашылығы неде?
3. Кітаптың қандай құрылымдық ерекшеліктерін атап өтуге болады?
4. Адамзат дамуындағы алғашқы танымдық үдерістерді қалай сипаттар едіңіз?

### Қолданылған дереккөздер

1. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 1–7 беттер.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 320 б.